

The analysis of follicular tumors of thyroid gland at patients had operated in Almaty clinical hospital №7 since 1992 till 2005 and in the «Khak» medical center since 2003 till 2005. The structure of follicular neoplasms, in particular, hormonally active neoplasms of thyroid gland, complaints, patients anamnesis, ethnic, sexual, aging group of the patients, the results of ultrasonic investigations, the correspondens of clinical and hystologic diagnoses. It is said the intention, that in the number

of cases of clinically diagnoses of diffuse toxic goiter, the toxic Plummer adenoma has its own place, but not the Bazedowian goiter.

*Казахский национальный  
медицинский университет  
им. С. Д. Асфендиярова*

*Поступила 2.03.06г.*

*Н. Ж. ШАХАНОВА, Л. И. АБДЫГАЛИЕВА*

## **ГУМАНИЗМ ЖӘНЕ ІЗГІЛІК: ҚОС ӨРКЕНИЕТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ СИПАТЫ**

Адам болмысы өміріне қажетті маңызды жақтарын түсініп, тануға адамзат әр қырынан, әр түрлі жолмен келіп отырды. Гуманизм – бұл маңызды жақтардың адам тіршілігіне аса қымбат қазығы іспеттес. Адамның ізгілікті өмір сүруі қандай қыын болса, адамның ізгі тұлға деңгейіндегі тұрақты субъектке өтуі одан да қыын іс екендігін анықтап, таныта білуді – көне заман ғұламалары сол кезде ақ ашқан ақиқат, бірақ, ащы ақиқат еді. Адам болмысының құпиясының шетін аша бастаған көне Үнді, Қытай, Грекия әлемі осы ақиқатпен бірге гуманизмнің де алғашқы ұрығын қалдырған. Ал, орта ғасырлық Түрік-Мұсылман өркениетінің гуманизм ағымының кеңейіп әрі терендедеуін танытудағы рөлі де, орны да ерекше. Аталмыш өркениетке тән діни-философиялық ілімдер көшілік зерттеулерде, еңбектерде кеңінен қозғалғанымен, осы өркениет кеңістігіндегі гуманизм жайлы жеке такырыпта ауқымды жұмыс жазылмағанын ескеруді жөн көрдік.

Дамудың қылы асуларында адам болмысының көкейтесті мәселелермен бой көрсетіп, философия ғылыминың басқа ғылымдармен байланыс торын құрделендіріп, әрекеттесу шеңберін кеңейткен кезеңнің басы осы мұсылман өркениетінен басталады. Осы кезеңде, қоғам мен адам, адам мен адам ара-қатынасы жаңа қырынан танылып, осы кезеңде, жалпыадамзаттық мәселелер барлық ғылым салаларының назарын өзіне аударып, осы кезеңде ізгілік те ілім ретінде ерекше шабытпен бік өреден көрінген. Изгілік ілімі туындалап келе жатқан қоғамдық әлеуметтік-саяси және идеологиялық сұрапталаптарына қажет жауап ретінде қалыптасқан.

Мұндан қажеттіліктің аналогиялық көрінісін Батыс Европа XIV–XVI ғасырларда басынан кешкен еді. Осынау бір, жайдан-жай бос кеңістікте бой көтермейтін, құнды қажеттілікпен туып, өрбіген гуманизмнің екі өркениеттегі сипаты, мәні, болмысы қандай? Егер бар болса ұқсас және айырма белгілері қандай деген сауалға жауап беріп көрелік. Екі түрлі уақыт кезеңінде, әрі екі басқа мәдениет ошағы, екі басқа салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрге негізделген елді мекендерден бастау алып, әлемді дүр сілкіндірген қоғамдық құбылыстың биігі – өркениеттіліктің, мұсылмандық және европалық екі түрлік болмысын тануға талпыныс жасау мәселенің жеңілінен емес. Екі өркениетке тән ұқсастықтың бастапқы ізін гуманизм мен ізгіліктің қалыптасуының алғы шарттарынан бастап ізделеп көрелік.

Жоғарыда келтірілген салыстырмалы талдаудан Мұсылман және Еуропа өркениеттерінің қалыптастырының алғы шарттарының ұқсас және айырма белгілерін, өзара артықшылықтарын, өзгешеліктерін танығандаймыз. Егер қасиетті далаға келген өркениетті қоғам болмысы сол қоғамдағы адамдық сапамен анықталатын болса, ол сапа, ғұламалардың қабілет-қүші мен ақыл-парасатының өзара үндецен көрінісінде трансформацияланып, гуманизмнің шынайы сипатын білдіреді. Мұсылман өркениет ықпалындағы озық ілімдер, адам ақыл-кушімен өзін, өзінің жан дүниесін дұрыс тани білуі қажет деп тапса, Батыс гуманистері ақыл-ой мен білім күштерін – табиғаттың тылсым құпиясы мен құбылыстарын зерттеп білуге бағыттайды. Діни қағидалардың білімділікке насиҳаттаған және білімділікті көрсете алған қоғамдық көріністерде

Қандай бағытта?	Мұсылман өркениеті (VIII–XII ғғ.)	Батыс Еуропа Ренессансы (XIV–XVI ғғ.)
1	2	3
Экономика саласында	Ұлы Жібек жолы – сауданың ерекше қарқынмен дамығандығының дәлелі. Сауда жолының үстем рөлі осы өнірде қалалардың мәдениет, сауда, өнер, ғылым орталығы ретінде өркендеуіне ықпал жасады. Қағанаттарда ақшаның рөлі ести.	Италия шығыспен сауда байланысын орнатқанымен, сауда Ұлы Жібек жолында дәрежеге көтеріле алмады. Зат алмасу формасының үстемдігі халықаралық сауданың дамуына кедергі келтірді.
Ғылым саласында	Даналық үй. Бағдат. Алғашқы глобусты 995 ж. Бирунидің жасаганы және басқа ғылыми жетістіктер жайлыш тарихи деректер, тұпнұсқалар сакталған [1, 58, 59, 67 б.]	XV ғ. ортасында кітап бастыру, кару-жарақ жасау ісі дамыды. Ал, Ортағасырда ғылым Шығыстағы қарқынға ілесе алмады. Ғылыми таным дінге тәуелді болды.
Географиялық ашылулар	ар Руши (1179-1229), ибн Батута (1304-0377), әб Бируни (973-1048), Идриси (1100-1165), Хорезми (787-850) және т.б. саяхатшы ғалымдар ел кезін, жер көріп кана қоймай қызықты тарихи деректер жинақтап, әлем мәдениетіне ықпал еткен құнды еңбектер жазып қалдырыған. [2, 50 б.; 177 б.; 515 б.]  Ауыл шаруашылығының дамуы.  Иrrигациялық, гидротехникалық құрылыштар жүйесі енгізіліп, егіншілік пен бау-бакша мәдениеті өркендеді. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өнірінде бұл үрдіс ерекше дамытылды.	XV ғ. басталған Батыстың географиялық ашылымдарының мақсаты гуманизмнен алысырап десек те, Х. Колумб, Б. Диаш, А. Веспуччий жаңалыктары үлкен ерлікten дәлелі еді. Басқа елді мекендердің табиғи қорларын зерттеп, тануга экономикалық көзқарас тұрғысынан келу басым болды.  Ауыл шаруашылығында феодалдық-шіркеулік тәртіп елі де сакталды. XVI ғ. аяғында өндірістің көтерілу үрдісі байқалды.
Антикалық әлем мұрасын зерттеу, талдау саласында	Мұсылман өркениеті ғалымдары – антик заманынан қалған әдеби, ғылыми, философиялық еңбектерімен алғаш танысып, әлемге де алғаш болып танытушы, әрі идеяларын толықтырып дамытушылар.	Мануфактуралық өндірістің қалыптасуы ғылыми-теориялық және техникалық іс-әрекеттердің біртіндеп жақындаусымен қатар жүрді.  Батыс әлемінің антик ғұламаларының еңбектерімен табысу көзі – Шығыс еді. Шығыспен тығыз байланыстың арқасында батыс дүниетанымы байқұндылықтарға қажетті жол тапты.
Табиғаттану ғылымы саласында	Табиғатқа қызығушылықтың өсіу мәдениет пен ғылымның барлық саласында байқалды. а) Адаммен қатар табиғат та гуманистік мәдениеттің маңызды обьектісіне айналған бастады. ә) Табиғатқа қызығушылық әсіресе практикалық ғылыми сұрақтармен байланысты қалыптасты. б) Математикалық астрономияның негізі қаланды. М. Хорезми, әл Фараби т.б. в) Табиғатқа болмысынан етене жақын Шығыс әсіресе поэзияда оны негізгі тақырып етіп алды.	а) Адам, қоғам, табиғат контекстінде ғылыми еңбектер жазылып, гуманистік қозғалыс өрбіді. ә) Табиғатқа қызығушылық қебінесе практикалық (ғылыми-экономикалық) талап негізінде қалыптастып, дамыды. б) Табиғат – поэзия мен сәулет өнерінің басты обьектісі. в) Адам – табиғи жан, табиғат бөлшегі ретінде қаралды. Алдымен табиғат пен адам аракатынасы, кейінрек дін мәселесі қойылды.
Саяси салада	Саяси қақтығыстар мен таптық қайшылықтардың қүшесі.	
Мәдениет саласында	Гуманизм барлық салада жаңа ізденістердің негізіне айналды. Бұл – қала мен ауыл шаруашылығындағы жетістіктер. Елді мекендердің өзара байланысының шекарасы кеңейіп, ел мәдениеттерінің дискурстық негізде көркейе түсүі.	
Идеология (дін) саласында	Әр түрлі діни-идеологиялық ағымдардың қалыптасуы және олардың қарама-қайшылықты дамуы. а) Саясат дінмен астарласып жатты. ә) Пантеизм. Пантеистер неоплатонизм ілімін кеңінен қолданды. б) Мистика негізінен ғылыми-теориялық ілімдер мен қағидалардың насиҳаттау әдісіне сүйенеді.	а) Дін мен саясат бір-бірінен алшактай бастады. ә) Пантеизм ілімі кеңінен таралды. б) Мистика. Ересъ, көтеріліс түрінде өзінің пайдасызығын көрсетті. в) Гуманист-философтар дін мен схоластикаға

1	2	3
Философия саласында	<p>в) Гуманист-философтардың прогрессивті идеялары көбінесе дінмен келісімде жүріп жатты. Атеистер болғанымен де, олардың іс-әрекеті батыстағыдай ашық формада болмады.</p> <p>г) Қоғамдық, хандық билігі абсолютті болғанымен мәдениет пен ғылым саясатпен астарласып жатты.</p> <p>Араб тілді философия дін мен философия арасында көбінесе келісіммен қалыптастып дамыды. Әр ғылым саласы негізінде құнды теориялардың негізі қаланды.</p>	<p>қарсы шыкты.</p> <p>г) Ұлттық абсолюттық монархия мен орталық-тандырылған мемлекеттік биліктің күшеюі римдік-католиктік шіркеудің саяси күші мен экономикалық басымдылығының әлсіреуімен катарап жүрді.</p> <p>Философия өкілдері діннің мақсатына карсы келетін ілімдерді дүниеге әкелді. Нәтиже инквизиция азабын тудырды. Бұл кезеңнің ерекшелігі – антропоцентризм.</p>
Социология ғылымы саласында	<p>Мемлекеттік басқару мен адамзаттық құқық мәселесі көтеріледі. Екі кезеңде де мақсат – азаматтардың еркін дамып, білімдері мен қабілеттерін жетілдіріп, бақытты қоғам орнату. Ілімдердегі қол жетпес кіялдар мен кемшіліктер – сол заманға тән бетбұрыстар мен өзгерістердің терең ықпалы.</p> <p>Әбу Насыр әл Фараби “Қайырымды қала тұрғындары”.</p>	<p>Кампанелла Т. “Город солнца”. Томас М. “Утопия”.</p>

трансформациялануы, дін мен ғылымның батыспен салыс-тыргандағы үйлесімді дамуы ислам өркениеті жетістіктерінің бірі еді. Бұл – мұсылман өркениетінің тағы бір ерекшелігі болса, білім – түрік-мұсылман гуманизмінің негізгі компоненті орнында саналды. Ортағасырлық ислам кеңістігіндегі білім категориясының қоғамдағы орны мен рөлінің тереңдеуі соншалық, білім - қоғам өмірін жеңілдетіп, дамытып, адамды бақытқа жеткізер күш, әдіс формасында танылды. Әбу Нәсір әл Фарабидің мына бір сөздеріне тоқталайық: “Ең дұрысы, бақыт – оқығанда, сабак алғанда білімді игеру, әр түрлі өнерлерді үйренгенде оларды игеру, [оларға сәйкес] жұмыстарды орындау сияқты иғлікті істер арқылы қол жететін мақсат” (3, 258 б.). Түсінгеніміз, білім категориясының бақытты болу жайында әнгіменің болуының мүмкін еместігі. Адам өзін жан-жақты жетілдіру арқылы адамзаттық бақытқа қол жеткізе алады. Ал, адам бойындағы надандық қасиеттер – оның жетілмелегендігінің дәлелі. Бұл – түрік-мұсылман гуманистірінің тоқтаған түйіні. Олардың көне шығыс және антик заман мұраларына қызығушылығының бір қыры да ағартушылық осы қозғалыспен сабактасып жатыр. Бұл сабактастық, кейін басқа философия, өнер салаларында Еуропа Ренессансында жалғасын тапты. Изгіліктің қозғалмалы, өзгермелі табиғаты адам баласының өзін-өзі тәрбиеуге жауапкершілігін нақтылай түсетінділігін Түрік-Мұсылман ғұламалары ескерген. Осы күресте ізгілікті түрктандыратын адам бойындағы ішкі күш-қасиеттердің мәні анықталып, оның өміршемдігін қамтамасыз ету жолдары іздестіріледі. Өркениеттер кеңістігіндегі әлеуметтік-рухани бетбұрыстар мен өзгерістерге сәйкес, адамзат ең алды-

мен білім мен ақылға арқа сүйеп, тірек ету идеясы өмірге келеді. Бұл – өмір ағысынан туған ізденіс нәтижесі. Бұл – адамзаттың адамгершілкі идеалын армандаған жаңа кезеңдегі ой желісі. Бірақ мұндай озық ілімді тіршілік заңы етіп қабылданап алуға қалың қауым әлі даяр емес еді. Қыыншылыққа қарамастаң ислам гуманистірі елдің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мемлекеттік мәселелерін шешуге белсене араласып отырды. Ізгі идеяларын, әділеттілік, адалдық, біліктілік, қайырымдылық принциптерін қоғамдық қатынастарға дарытуға талпынған қайраткерлердің іс-әрекеті көбінесе кедергі, шегініс, өкініш сияқты көріністермен аяқталып жатты. Бұл – дамуға тән зандаудың еді. Бұл – адам болмысина да тән занда әрі құпия құбылыс. Қос өркениет гуманистірі адам әлемінің қарама-қайшылықты табиғаты мен, мінездұлдық пен іс-әрекетіндегі тұрақсыздық себептерінің көздерін анықтауды нысанага алған. Еуропа гуманисі М. Монтень: «Величайшая трудность для тех, кто занимается изучением человеческих поступков, состоит в том, чтобы примирить их между собой и дать им единое объяснение, ибо обычно с нашей действия так резко противоречат друг другу, что кажется невероятным, чтобы они исходили из одного и того же источника» (4, 259 б.) деген, адамға қатысты тұрақсыздық және адам табиғатының өзгеруге бейім қыры тура-сындағы тұжырымы түрік-мұсылман өркениетінің ойшыл-ақыны Ж. Баласағұнның, бұл өзгерулердің тұлғалықтан қоғамдық сипатқа берілтер зандаудың тілге тиек етуімен астарласып жатыр. Ақын, өзгерген, әрі өзгерген адам ғана емес, бұл үрдіске заман, қоғамның ықпалының да тұлғалықтан кем еместігін меңзейді.

“Ей білікті, бақсан заман сыңайын,  
Бәрі өзгерген, өзгерткен ел райын.  
Біліктіге есе бермей корлады,  
Ақылдылар тілін ашпай сорлады...  
Арам біткен жапты жұрттың көнілін,  
Адалдықты қайдан тапттым, ей ұлым” (5, 576 б.) –

деп мұсылман өркениетінің күәгер ақыны, гуманист Ж. Баласағұнның өлең жолдары аумалы-төкпелі заманның қындығын, қоғам қайшылығын тілге тиек етеді

Сонымен, қос өркениет кеңістігінде тыныстаған гуманист-титандарының ілімдері мен мақсат, мұраттарындағы алғашқы айырма белгісі олардың дінге қатынасымен анықталады. Батыс гуманистері адам еркін, құқығын шіркеу үстем-дігінен босатуды талап етті. Олардың негізгі талабы – қоғамның экономикалық-саяси, рухани өмірін шіркеу билігінен құтқару еді. Олар адамның шығармашылық күш-қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еркіндігін қорғап шықты. Түрік-мұсылман әлемі дінді қоғам болмысынан алып тастау идеясын ұсынған жоқ.

Екінші айырмашылық, батыс гуманистерінің антихоластикалық сипатта, адамның ақыл-ой мен білім күшінің кереметтігіне сеніп, оны көрсетуге ұмтылуы. Бұл ұмтылыстардың бірі табиғат заңдылықтарын танып, игеруге деген қызығушылыққа негізделеді. Олардың пікірінше, тағдырдың сәтсіздігіне адамның білімсіздігі кінәлі. Адам, атақданқ пен бақытты өмірден білім күшінен іздел табады. Ислам ілімі бойынша, ақыл-парасат күші де адамға ғана қажет құндылық. Бірақ, түрік-мұсылман гуманистері адамның ішкі жан дүниесінің ақыл және біліммен үйлесімділігіне ерекше мән берді. “Жүрек жоқта ақыл да ақымақ” болар жағдайдың философиялық мәнін “Күтті біліктен” де іздел таба аламыз. “Прочитал, уважаемые отцы, в писаниях арабов, что, когда спросили Абдаллу Саракина, что кажется ему самым удивительным в мире, он ответил: ничего нет более замечательного, чем человек” (6, 126 б.) деген пікірінде өнер, талант, таным иесі философ-гуманист П.Д.Мирандоланың түркілік-мұсылмандық дуниетаныммен таныстыры байқалауды. Әлемдегі адам орнын анықтауда Еуропалық гуманистер негізін қалаған антропологиялық теориялық танымның бір ізі Мұсылман өркениетінен бастау алғаны анық.

Ушіншісі, Батыс Еуропалық гуманистік көзқарастардың, адам еркі мен құқығының өнер сала-

сында ерекше бейнеленуі. Өнер нысанасында – адам және табиғат. Олар ілім мен тәжірибе байланысын өнер күшімен, мықты рухымен көрсете алды. Сәулет және сурет салу өнерімен әлемге танымал гуманистер терең таным қасиетін де көрсетті. “Жақсы ілімнен жақсы тәжірибе шығады” – бұл, өмірде дәлелденген ортақ қағида еді. Қөркем шығармашылықтың мәнін түсінуде гуманистер өнердің философиялық қырын бағалай алды. VIII–XII ғасырлардың қамтыған Мұсылман өркениеті де өнер әлемімен әрине таныс болды. VIII ғасырдан бастап өркен жая бастаған ислам ілімі, сурет өнерінің, әсіресе, адам бейнесін суретке бейнелеуін қостамады. Адам қолынан талай сәүлетті құрылыстар мен мешіттер салынғанымен, сәүлет өнері адамның жаңа қабілеттерін көрсете алғанымен, өнердің философиямен байланысы Батыстағыдай бікте болмады.

Қорыта келгенде, Мұсылман өркениеті (VIII–XII) мен Батыс Еуропа Ренессансы (XV–XVII) ойшылдарының шынайы гуманист ретінде мақсаттары бір – адамзат тағдыры мен бақытының болашағы, тұрақтылығы болғанымен, ілімдерінің мазмұны сол кезеңдердегі мәдени-рухани, әлеуметтік-саяси даму ерекшеліктерінің ықпалымен қалыптасып, дамытылды. Адам іс-әрекетінің ақыл мен білім күштеріне толық бағындырылуы ішкі асыл күш, қасиеттер – сабырлық, сенім адамгершілкітің араласуымен жүзеге асырылуы – қос өркениет титандарының да бекіткен «алтын шарты». Ақыл рөлі сырттан келген мәліметтерді талқылап, түсіндірумен ғана шектеліп коймай, адам баласына өзінің қоршаған ортамен қатынасын жан-жақты пайымдап, түйіндеп жаңа кадам, іс-әрекет жасауына мүмкін берер, көмектесер қызметімен де маңызын терендете түседі. Осылайша ақыл білімді, білім ақылды толықтыра түсетін жағдай оларға танымал еді. Нәтижесінде, ақыл мен білім бастаған адамдық қасиеттердің гуманизм мен ізгіліктің тұрақтауына қажет шарт қана емес, демеп отыратын өзегі ретінде көрінуі қос өркениетке де тән болып шығады.

Гуманистерге тән нәтижелі, ортақ иті іс-анттик мұрасына, мәдениетіне қызығушылық, оны тану және өзгеге де таныта білу еңбегі. Антик заман құндылықтары, әсіресе, Аристотель, Платон еңбектерімен алғашқы таныстық, танымдық еңбегі мен ерлігі ең алдымен Мұсылман өркениетінің гуманистеріне тиесілі. Бұл мұраны өркениеттер арасындағы органикалық тамырластықты байқататын маңызды көздердің бірі деп айтсақ та болады. Себебі, Батыс Еуропа антик құндылықтарын Мұсыл-

ман өркениеті ықпалымен тауып, танығандығы – тарих шындығы екендігін ұмытпауымыз керек. Адамның өз өмірі мен тағдырына билігін әлемге таныткан өркениеттің негізгі компоненті – гуманизм жалпы адамзатқа қамқорлық мақсатына бағытталған шынайы бейнесін тарихта тұңғыш болып Мұсылман өркениетінде ізгілік бейнесіндегі көрсетті.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Тимофеев И. Бируни. М.: Молодая гвардия, 1986. 304 с.
2. Географы и путешественники. Краткий биографический словарь. М.: Рилол классик, 2000. 576 с.
3. Эл-Фараби. Элеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1975. 364 б.
4. Монтень М. Опыты (Избран. главы). М.: Правда, 1991. 638 б.
5. Баласагун Ж. Құтты білік. Алматы, 1996. 594 б.
6. Антология мировой философии. М.: Мысль, 1969. Т. 1. 935 с.

#### Резюме

Место духовных ценностей Возрождения Запада во

все расширяющемся и углубляющемся течении гуманизма является особым. Но и гуманисты средневекового мусульманского Ренессанса, усваивая идеи и ценности прошлого, в том числе и бесценной греческой цивилизации, уделяли большое внимание гуманистическому воспитанию, целью которого являлось превращение основных принципов гуманизма в нравственные нормы поведения человеческого общества.

ШҚМТУ философия  
каф аға оқытушысы

Поступила 2.02.06г.

A. A. КАЛЮЖНЫЙ

## ИМИДЖ УЧИТЕЛЯ КАК СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ФЕНОМЕН

Слово «учитель» приобрело в наши дни необычайно широкий смысл. Учителями называют выдающихся мыслителей, оказавших влияние на развитие общества, создавших свои школы, направления во всех областях духовной сферы, имеющих своих учеников и последователей.

Демократизация нашего общества дает возможность слышать голоса не только правителей и руководителей, но и всего народа. Мы же все еще продолжаем жить по моделям, характерным для тоталитарной коммуникации, потому что в них население имеет только одну функцию – подтверждать (всенародно одобрять) решения, принятые кем-то. Работа с имиджем с этой точки зрения – это ответ на желание населения, поскольку его основные составляющие должны соответствовать идеализации, свойственной на этот период аудитории.

Имиджелогия и имидж – это что? Наука или искусство? Сегодня в ряду новых для нас дисциплин стоит имиджелогия. Это наука о том, как жить в условиях, когда право голоса есть не только у администрации или начальства. Это наука о законах коммуникации, которые диктуют совершенно новый тип отношений не только на работе, но и в обществе. Это тип отношений, который даже вопреки воли самого учителя и учащихся складывается в современной школе. Однако мы еще практически не готовы принять этот тип отношений.

Специалисты по имиджелогии необходимы везде, а в школе – в первую очередь. Необходимы не только теоретическое обоснование природы, характеристики и типов имиджей учителя, а создание самого инструментария формирования педагогического имиджа учителя, вооружение каждого учителя методиками изучения своего